

Нұр-Мұбәрак Египет Ислам мәдениеті университетінің ізденушісі Мамбетбаев Қайрат Жолдыбайұлының "Ханафи мазғабындағы хадистерді қабылдау өлшемдері және оның фиқхи тармақ мәселелеріне әсері" атты философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясына отандық ғылыми кеңесшісі, ҚР Жоғарғы мептепҒА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор шейх Әбсаттар қажы Дербісәлінің

ПІКІРІ

Қазақ даласында ғұмыр кешкен түркі жұртының ислам дінін қабылдағанына XII ғасырға жуық уақыт болды. Осынау заман тоғысында олар ислам дінін тек қабылдап қана қойған жоқ, оны ғылымға, мәдениетке айналдырып, күллі мұсылмандардың өркениетіне өзіндік үлес қосты. Орта Азиядан, оның ішінде қазақтың сайын даласынан көктеген ғұлама ғалымдар шықты. Олар Куфа шаһарында ірге тасы қаланып, қалыптасқан ханафи мазғабын одан әрі дамытып, фикір пен фикір әдіснамасына, ақида т.б ілімдерге қатысты көптеген құнды еңбектер жазды. Орта Азиялық өзіндік мектебін қалыптастырды. Үлкен мәнді де маңызды ғылыми мұралар қалдырыды.

Тәуелсіздігіміздің осынау ширек ғасырында кешегі кеңес кезеңінде жоғалып, ұмытылуға шақ қалған рухани құндылықтарымызды біртіндеп түгіндеп жатырмыз. Оның бір айғағы 2001 жылы менің ұсынысым, ұйымдастыруым және Елбасының қолдауымен ашылған Нұр-Мұбәрак Египет Ислам мәдениеті университетінің қабырғасында 2015 жылдан бері "Исламтану" мамандығы бойынша алғашқы докторлық диссертациялар жазылып, ғылыми еңбектер қорғала басталды. Солардың бірі Мысыр еліндегі аты әлемге әйгілі әл-Азhar университетінің түлегі Қайрат Мамбетаевтың "Ханафи мазғабында хадистерді қабылдау өлшемдері және оның фиқхи тармақ мәселелерге әсері" атты ғылыми зерттеуі. Мамбетбаев Қайраттың әр жылдары Қазақстанда жарыққа шыққан "Ислам ғылымхалы", – Алматы: "Дәуір" баспасы, 2003 ж. – 510 б., "Ақиқат шуағы", – Алматы: "Дәуір" баспасы, 2004 ж. – 220 б., "Күдік пен күрес", – Алматы: "Дәуір" баспасы, 2008 ж. – 188 б., "Имани гүл", Алматы: "Дәуір" баспасы, 2013 ж. – 384 б., "Дін мен діл - 1", Алматы: "Дәуір" баспасы, 2010 ж. – 288 б., "Ответы на актуальные исламские вопросы", Алматы: "Дәуір" баспасы, 2010 ж. – 288 б. іспетті еңбектерінің көпшілігі түрлі оқу орындары мен дін қызметкерлері һем жалпы жүртшылықтың да сұранысына ие. Автор қаламы төсөліп қалған, болашағынан үлкен үміт күттіретін, келешекте өзі де жақсы ұстаз, сондай-ақ ғылым кадрлерін даярлай алатын ғалым болады деген үміттеміз.

Ханафи мазғабының хадистерді қабылдау шарттары, жалпы ханафи хадис әдіснамасы өзгеше. Бұл өз кезегінде шариғи үкімдерге тікелей әсер еткендіктен ханафи ғұламаларының шығарған үкімдері көп тұстарда басқа мазғабтардан

ерекшелеленіп тұрады. Бұғінгі таңда еліміздегі түрлі теріс ағым өкілдері ханафи мазнабының осынау хадис әдіснамасындағы, хадистерді қабылдаудағы өзгеше шарттарын білмегендіктен, Әбу Ханифаны және оның ізінен ерген ғұламаларды "саҳих хадистерді қабылдамай, үкім беруде жалаң ойға берілген" деген сұнды түрлі негізсіз айыптаулар жасап, бұдан хабары жоқ қарапайым халықтың басын қатыруда. Сол себепті бұл ғылыми зерттеудің бұғінгі қазақ қоғамына қажеттілігі мен маңыздылығы айтпаса да түсінікті.

Зерттеу кіріспе, үш бөлім және қорытындыдан тұрады.

Зерттеуші ғылыми жұмысында араб, түрік және басқа шет тілдеріндегі тақырыпқа қатысты еңбектерді кеңінен қолданған. Өйткені оның аталған тілдері де жақсы білетіндігін айтқан жөн. Зерттеу фикір негіздері мен фикір үкімдері сабактастырылып, құқықтық салыстырмалы талдау жасалынған. Тақырыптар арасына қисынды байланыс құра білген. Әр бөлім соңында берілген тұжырымдалары тыңғылықты байламдар мен тұшымды ойларды қамтиды.

Мамбетбаев Қайрат ғылыми зерттеуінің алғашқы бөлімінде Әбу Ханифаның хадис іліміндегі айрықша орнын атап, Куфа шаһарына Алла елшісі (с.ғ.с.) хадистерінің жеткілікті денгейде жеткендігін дәйектермен дәлелдеуге тырысқан. Сондай-ақ, Әбу Ханифа және ханафи ғұламаларының хадистерді қабылдауда, одан үкім шығаруда Омар ибн Хаттаб, Әли ибн Әби Талиб, Абдуллах ибн Масғуд сұнды ұлы сахабалардың жолын ұстанғандығын дәлелдерімен көлтіреді. Ханафи мазнабының Әбу Ханифаға дейінгі сахаба, табииндер арқылы жалғаса келген ғылыми шежіресін кестемен көрсеткен. Ал екінші бөлімінде ханафи мазнабы бойынша хадистердің жіктелуін, хадис түрлерін және ханафи ғұламаларының бұған қатысты көзқарастарын қоса берген. Үшінші бөлімде ханаfilerдің ахад хабарларды қабылдау шарттарына жеке-жеке тоқталып, кеңінен талдаған. Сондай-ақ, жас ғалым ханаfilerдің хадистерді қабылдау шарттарының, әсіресе ахад хабарлардың фикіри тармақ мәселелердің үкіміне қалай әсер еткенін мүмкіндігінше анықтауға тырысқан.

Ол үшін ханафи мәзнабына тән имам Бұрнан әд-дин әл-Марғинанидің (қ.ж. 593/1197) "әл-Һидая", Әбу Бакр Мұхаммед ас-Саражидің (1009-1090) әл-Мабсүт", Алауддин Әбу Бакр бин Масуд әл-Касанидің (қ.ж. 587/1191) "Бадаиф ас-санайф фи тартиб аш-шараиф", Бадр ад-л дин әл-Айнидің (1361-1451) "әл-Биная шарху ал-Һидая", Зайн ад-Дин ибн Нужаймнің (қ.ж. 970/1562) "әл-Баҳр ар-раиқ шарх канзу ад-дақаиқ", Ақмал ад-дин Мұхаммед Махмуд әл-Бабарти ар-Руми әл-Мисридің (1314-1384) "әл-Ғиная шарх әл-Һидая" сұнды т.б басқа классикалық фикір кітаптарындағы тәрк етілген ахад хабарларды мүмкіндігінше анықтап, олардың дәлелге қолданылмау себептерін түсіндіруге тырысқан. Бұл әрине оңай шаруа емес. Ғылыми зерттеу жұмысының өзегі де, ғылыми жаңалығы да осында. Әлемде осы уақытқа дейін ханафи мазнабының хадис әдіснамасы зерттеліп, зерделенсе де, олардың фикіри тармақ мәселелерге әсері арнайы жазылмаған.

Мамбетбаев Қайрат ғылыми зерттеуінде "Рай мектебінің тек қиясты кеңінен қолданатын, дәлелдердің астары мен мақсатына тереңін бойлау арқылы

жорамал жасайтын фиқі мектебіне қойылған атау ғана емес, хадистердің шынайылығын анықтауда хадисшілердікінен өзгеше өлшемдерді қоса ұсынған хадис әдіснамасының да атавы екендігіне, тіпті ханафилердің қиясты кеңінен қолдануы да, аят, хадистердің мән-мазмұны мен мақсатына терендей үzlуі де осы әдіснаманың табиғи нәтижесі" екендігіне назарымызды аударады. Сондай-ақ, Әбу Ханифаның хадисшілерге қарағанда Пайғамбарымыздың өмір сүрген ғасырына ең жақын болу артықшылығын ескермей, оның берген үкімдеріне өзінен неше ғасырдан кейін пайда болған хадистерді қабылдау шарттарымен бага берудің ғылыми қате тәсел екендігін тұжырымдайды.

Ханафи ғұламаларының аят, хадистерді түсінуде шариғаттың мақсаттарына аса назар аударып, олардан үкім шығаруда дәлелдерге бүтіндегі қарап, хадистерді қабылдауда тек тізбектің толықтығын жеткілікті санамай, қасиетті Құран және діннің басты іргелі қағидаттары негізінде мәтіннің дұрыстығын да елкен өткізе отырып, ықтияртылық танытуы Алла елшісіне (с.а.у.) аса жақын кейбір ардақты сахабалардан келе жатқан тәсіл екендігін дәлелдейді. Ханафилердің кейбір сахих хадистермен амал етпеуі ол хадистердің оларға жетпей қалғандықтарынан емес, қабылдау шарттарының өзгешелігінен туындағандығана көніл бөледі.

Осы секілді тұжырымдамалар мен тыңғылышты ойларды қамтыған Қайрат Жолдыбайұлының диссертациясы ханафи мұрасын зерттеуге қосылған сүбелі үлес деп есептейміз.

Қорыта айтқанда Мамбетбаев Қайраттың Ханафи мазнабындағы хадистерді қабылдау шартты және оның фиқхи тармақ мәселелерге әсері" тақырыбында жазылған диссертациясы ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің "Ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы Ережесінің" талаптарына сай және оның авторы 6D021500 - "Исламтану" мамандығы бойынша философия (PhD) ғылыми дәрежесін алуға толығымен лайықты деп санаймын.

ҚР БФ Министрлігі

Р.Б. Сұлейменов атындағы

Шығыстану институтының директоры,

ҚР Жоғары мектеп ЕА-ның академигі,

филология ғылымдарының докторы,

профессор



Әбсаттар қажы Дербісәлі

